

Бекітемін *М. Мұсаев*
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
Бақшасының меңгерушісі:
К.К. Сейдалиева

«Қош келдің Жаңа жыл»



«Айкөйлек» тобы

Тәрбиешілер: Абжанова.Р

Әшімқулова.Г

«Қош келдің, Жаңа жыл» атты кеш.

Жүргізуші:

Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,

Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.

Қоян жылы кеш қалды ортамызға,

Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт.

Құтты болсын жаңа жыл, барша халық.

Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық.

Бірімізге тынайы тілек тілеп,

Бар әлемге бақытпен жар салайық.

Жаңа жыл құтты болсын,...

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, оқушылар, ұстаздар, қонақтар Жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің, Жаңа жыл» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер. Ал енді барлығымыз шыршаны айналып **«Шырша»** жырын айтайық.

(Ән «Жаңа жыл» айтылады)

Жүргізуші:

Қараңыздар мынау шыршаға. Неткен сұлу, неткен көрікті еді. Жаңа жылдық шыршамызға барлығы келіпті. Енді аяз атамыз да келіп қалар. Қане барлығымыз Аяз ата, ақша қар, жаңа жылым кел деп шақырайық. Сонда біздің дауысымызды естіп тез келер.

Барлығы: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылым кел, кел!

(Аяз ата, ақша қар, жаңа жыл келеді)

Жүргізуші:

Келді жылым бақытым,

Кемелденді уақытым.

Сәлем саған аяз ата, жаңа жыл,

Жаңа бақыт, жаңа думан, жаңа жыр.

Аяз ата: Аяулы ата - аналар, ардақты ұл - қыздар, бүлдіршін балаларына бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан,

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.

Жүргізуші:

Сыңғырлапсы сырнайым,

Жаңа жылды жырлайын.

Шапбаулы қыз сырғалы,

Ақша қарды тыңдайық.

Ақша қар:

Амансыздар ма балалар, ұстаздар, ата-аналар! Өздеріңді сағынып келдік, Жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Өтіп кеткен сиыр жылына аман есен саулық тілеп, келер жылымыз Барыс жылына табыс жыл, береке, бірлік әкелсін деп, тарих жыл болсын деймін.

Жүргізуші:

Жаңа жыл жол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрлет, төрлет жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын. (Ендеше балдарымыздың тақпақтарына кезек берейік)

Бағынбек, Марал, Ақжүрек, Аяла

Жүргізуші:

Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бақыт,

Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.

Жақсылықпен жалғасын жаңа уақыт.

Жүргізуші: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне балдарымыздың орындауында би. Қарсы аландар. (Би билеп Қарақшылар)

Жүргізуші: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне балдарымыздың тақпақтарына кезек берейік. (Рахим, Сабина, Алинұр, Сағыншып, Ерсайын, Адина)

Жүргізуші: Тағыда қыздарымыздың өнеріне кезек берейік (Испанский)

Аяз ата: *Құрметті қонақтар Аяз Ата өзімен бірге орман аңдырып ерте келіңіз. Ендіше «Теремок» ертегісін тамашалайық. (Көрініс)*

Жүргізуші: *Өңімізге кезек берейік. Орысша*

Жүргізуші: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне балдарымыздың тақпақтарына кезек берейік. (Тәуекел, Нұрлан, Жапар, Еркелді, Мурат, Ерасыл)

Жүргізуші: Кезекті «Көңілді шарлар» ойынына кезек берейік

Жүргізуші: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне балдарымыздың өнерін тамашалайық кезек берейік. (Би Комбой)

Ойын Ата-аналар:

Жүргізуші: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне балдарымыздың тақпақтарына кезек берейік. (Раяна, Әмина, Алихан, Ерсұлтан, Сайда, Даниял)

Жүргізуші: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне Қыздарымыздың мың бұралған биін тамашалаңыздар. (Ақшақар БИ)

Аяз ата: Ал қарақтарым мені күтіп отырған қаншама ел мен жер бар. Сонда барайын. Сендерге көп рахмет. Өнерлерін өрге жүзсін.

Биік шыңдардан көрініңдер!

Жаңа жыл жаңа бақыт, әкелсін далама құт.

Өнерлерің көп болсын, елде уайым жоқ болсын.

Тілектерің ақ болсын, бастарыңа бақ қонсын.

Келер жылы келермін, өнер тағы көрермін.

Сыйлық әкеп сендерге, көптен - көптен берермін.

Жақсылыққа толыңдар, тек биікке қоныңдар.

Келесі жылы көргенше, амандықта болыңдар.

Жүргізуші:

Ал құрметті достар! Бәріміз бірге Аяз атаны шығарып салайық.

Жүргізуші: Аяз ата, келесі кездескенше аман болыңыз. Біз сізді асыға күтеміз.
(Аяз ата, ақша қар кетеді.)

Жүргізуші: Қадірлі ұстаздар, қонақтар!

Жүргізуші: Жаңа жыл! Осы жыл барлық отбасыларымызға бақыт пен шаттық әкелсін.

Жүргізуші: Жаңа жыл құтты болсын! Келесі кездескенше сау – саламатта болыңдар!